

ХАТТАМА №2

№21 жалпы білім беретін мектептің санитариялық қағидаларын бекіту туралы комиссия отырысы

Уақыты: 30.08.2024 жыл

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры, комиссия төрағасы:	Усенова З.О
2. Әлеуметтік педагог, мүше;	Курмантаева Ж.Д
3. ТЖО, мүше;	Баймуханов М.Ы
4. қамқоршылық кеңес төрағасы, мүше;	Б. Овезова
5. Медбике, мүше;	А. Сейтғалиева
6. Медбике, мүше;	С. Куанышбаева
7. Ата-ана, мүше;	К. Ахметова
8. Асхана әкімшісі;	Б. Джумаев
9. кәсіподақ төрайымы;	Р. Жұбатова

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. Тамақтану жағдайларына қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптардың орындалуы.
2. Ауыз су режимін ұйымдастыру, сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарын талаптарына сәйкестігі туралы талаптардың орындалуы.
3. Білім беру объектілерінің қоғамдық тамақтану ұйымдарында сатуға тиым салынғантағамдарға жол бермеу талаптарының орындалуы.

Тыңдалды:

1. М. Баймуханов директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары - тамақтану жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарда көрсетілген қатық, сүзбе, айранды; туралған ет қосылған құймақтарды; флотша макаронды; зельцтер, форшмактар, сілікпелар, паштеттерді; кремі бар кондитерлік өнімдерді; тұтыну қаптамасындағы кондитерлік өнімдер мен тәттілерді (шоколад, кәмпит, печенье); морстар, квастарды; фритюрде қуырылған өнімдерді; шала пісірілген жұмыртқа, қуырылған жұмыртқаны; күрделі (4 компоненттен артық) салаттарды; қаймақ пен майонез қосылған салаттарды; окрошканы; саңырауқұлақтарды; өнеркәсіпте дайындалмаған (үйде дайындалған) тамақ өнімдерін; тез дайындалатын құрғақ тағамдық концентраттар негізінде бірінші және екінші тағамдарды; газдалған, емдік және емдік-асханалық минералды суды, тәтті алкагольсіз сусындарды, алкагольсіз энергетикалық (сергітетін) сусындарды, диффузиялық қойылған шырындарды (қаптамаланған минералды және ауыз суды қоспағанда); фаст-фудтер; гамбургерлер, хот-догтар, чипсілер, кептірілген нан, қатырлақ нанды; ащы тұздықтар, кетчуптар, ащы дәмдеуіштерді (бұрыш, акшелкен, қыша) дайындауға және сатылуға болмайтынын хабардар етілді.
2. Сонымен қатар пастерленбеген сүтті, термиялық өңделмеген сүзбені және қаймақты; суда жүзетін құстың жұмыртқасы мен етін; ауыл шаруашылығы малының сырқаттанушылығы бойынша қолайсыз шаруашылықтардың сүтін және сүт өнімдерін: тіл, жүректі қоспағанда өнімді мал мен құстың субөнімдерін; механикалық түрде салынып алынған өнімді малдың етін және құстың етін; құс етінен алынған құрамында коллаген бар шикізатты; сойылған өнімді мал мен құстың қайта мұздатылған өнімдерін; генетикалық түрлендірілген шикізаттар және құрамында генетикалық түрлендірілген көздер бар шикізатты; йодталмаған тұзды және құрамында темір бар витаминдермен, минералдармен байытылмаған (фортификацияланбаған) жоғары және бірінші сұрыпты бидай ұнын пайдалануға жол берілмеу.

Тамақ өнімдерін өткізетін автоматтарды орнатуға жол берілмеу.
4. Ауыз су, оның ішінде сыйымдылықтарға (графиндер, шәйнектер, бөшкелер және басқалар) өлшеп – құйылған немесе шөлмектердегі ауыз су сапасы мен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес тұрақты түрде тазартылады. Су іші үшін таза ыдыс (шыны, фаянс ыдыс, бір рет қолданылатын стакандар) пайдалынады. Жеке шөлмек сыйымдылықты пайдалануға рұқсат етіледі. Қайнаған ауыз су 3 сағаттан аспай сақталған жағдайда оны пайдалануға жол беріледі.
Осы талаптарды қатаң сақтауды ескертемін.

5. 3. Усенова мектеп директоры- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы 2021 жылғы 05 тамыздағы №76 бұйрығын негізге ала отырып, объектілердегі тамақтану жағдайларына қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптарда көрсетілген талаптарды орындау және талаптарын қатаң сақтау жалға алушы Б.Джумаев жауапкершілігіне жүктелсін. Осы талаптардың орындалуын әлеуметтік педагог Ж.Курмантаеваға міндеттелсін.


Қаулы:

1. Тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасына органолептикалық бағалау жүргізу және органолептикалық журналға жазба енгізу және ауыз су режимін ұйымдастыру мектеп асхана тазалығы мектеп медбикесі А. Сейтғалиеваға жүктелсін.
2. Талаптарды орындау және талаптарын қатаң сақтау жалға алушы Б.Джумаев жауапкершілігіне жүктелсін.
3. Осы талаптардың орындалуын қадағалау әлеуметтік педагог Ж.Курмантеваға жүктелінсін.

Мектеп директоры

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Хатшы



Усенова З.О

Баймуханов М.Ы

Аймағанбетова М